



«Бекітемін:»

Мектеп директоры: А.А.Дошаев

**С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
2021 – 2022 оқу жылындағы дене шынықтыру пәнінің
мұғалімі Сырымов Дархан Сырымұлының шахмат
үйірмесінің іс –жоспары**

Үйірме жетекшісі: Сырымов Дархан Сырымұлы

2021 – 2022 оқу жылы

Түсінік хат

Шахмат сабағы арқылы жеке тұлғаны жан-жақты етіп қалыптастыру өте күрделі жұмыс, ол жетекші педагогтан шахматқа оқытып қана қоймай жеке тұлғаны тәрбиелеуді және ойлау, іздену қабілетін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, ой еңбегіне тәрбиелеу. Дамыта оқыту балалардың психикалық дамуын ынталандырады, танымдық түрткі болады, қызығушылығына және оқу қажеттілігін ұғынуына мүмкіндік туғызады. Ойын барысында тек қана ойлау деңгейі ғана емес, сонымен қатар, зейіні, еркі, ынтасы дамиды.

Бұл курс теориялық сұрақтармен қатар, үш деңгейдегі логикаға сәйкес, шахмат ойынының практикасын қамтиды. Бастапқы деңгей (екінші топ) шахмат ойынының тарихын, шахмат әліппесін, шахмат тактикасын, психологиясын, этикасын, сонымен қатар жүйелі түрде балалардың жарыс, турнирлерге қатысуын қамтиды. Бірінші топ ойында салыстырмалы талдау әдісін меңгеріп, шахмат тастарын орналастыра білу, позициясын және комбинация негіздерін байланыстыра білу нәтижесінде білім деңгейін меңгеруге қол жеткізеді. Қорытындысында, шахмат ойынының <<стратегия негіздерін>> және барлық білім курсына толық меңгеру нәтижесінде, логикалық ойлауды меңгеруді, көп күш жұмсамай-ақ қиындықсыз тек қана шахмат бойынша ғана емес, үлкен көлемдегі ақпаратты есте сақтау, өзге де білім аясын, соның ішінде математиканы ешқандай қиындықсыз есте сақтауына мүмкіндік алады. Шахмат шешімді зерттеуге, әр түрлі жүріс нұсқасын қайта-қайта таңдауға, өз бетімен есеп шығару қабілетін дамытуға, қорытындылауға үйретеді.

Шахмат ойлауды тәртіпке түсіруді, ойлап тапқыштықты абыржымай, байсалдылық танытып, өзін-өзі ұстай білуді дамытады. Бүгінгі күні мектепте ең бірінші сатыға оқытудың дамыту қызметі қойылады, ол оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, оның қабілетін, тәсілқойлығын толық ашуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама балаларды оқытуды топтарға бөліп теориялық білім беріп қана қоймай практикалық тұрғыда да материалды толық меңгеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама интеграцияланған, сондықтан оқушылардың алған теориялық, практикалық білім-білік дағдыларын, жетістіктері мен кемістіктерін танып білуіне мүмкіндік береді. Ол әртүрлі формада өтуі мүмкін, яғни баяндама, әңгіме, жетекшімен ойнау, әртүрлі шахмат есептері, этюдтері, жарыстар, оқушылар баяндамасы, ойындар түрлерін талдау т.б. Көптеген ойыншылардың ойын тәсілдерімен, жоспарларымен танысу арқылы жүреді.

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың бос уақыттарын босқа өткізбей оларды шығармашылық ізденімпаздыққа, қиалын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Ол үшін:

Оқыту арқылы - шахматтың шығу тарихымен таныстыру. Шахмат ойынынан теориялық білім беріп қана қоймай оның ойын ережелерін үйрету, сөйтіп оларды әртүрлі жарыстарға қатынастырып қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелеу арқылы - шахмат ойынын оқып үйретіп қана қоймай, оны сүйе білуге және оның жеке бастың мінез-құлқының қалыптасуына ұстамды және ізденімпаз болуына, ойлау қабілетінің артуына әсер ететіндігіне көзін жеткізу, әртүрлі жағдайларда өзгенің қателіктерін және өзінің қатесін түсіне білуге, одан дұрыс қорытынды жасауға үйрету, қарсыласты сыйлай білуге үйрету.

Дамыту - жеке тұлғаны ойлау қабілетін арттыру арқылы есте сақтау, барлық жағдайларда көңіл аудару білуге үйрену арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру; дүниеге ойлы қарап, әсемдік тұрмысты танып қана қоймай, өзінің ойлау қабілетін, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру; айналадағы дүниені танымдық қабілет арқылы дұрыс түсіне білу.

Бұл бағдарлама бір жылға арналған, жетісіне 3 сағат, 102 сағатқа жоспарланған. Алғашқыда шахматпен оның фигураларымен толық танысады, содан соң ойын ережелері және ойнау тәсілдерін үйреніп меңгеруге қарай топтарға бөлінеді.

Ойынды толық меңгерген топтар көбінесе екінші жылы ойнайтындар болып келеді. Олар ойын жоспарын және тәсілін толық меңгергендер болып есептеледі. Теорияны толық меңгергендер - дебют, меттелшпиль, эндшпиль жағдайларында тәжірибелер жинақтайды. Егерде

меңгергендер -дебют,меттелшпиль,эндшпиль жағдайларында тәжірибелер жинақтайды.Егерде олар үшінші жыл айналысқандар әдіс-тәсілдерді ойын кезінде жақсы меңгереді және әртүрлі деңгейдегі шахматтармен ойнай алады.

Бағдарламаның міндеттері:

-дүниежүзілік,халықаралық озық педагогикалық тәжірибелер жетістіктерін пайдалана отырып,шахмат ойынын жете меңгерген оны ардақтап,сүйе білетін және әлемдік дәрежеге көтеруге ұмтылған жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

-жасөспірім жеткіншектерде салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып,олардың шығармашылық ізденімпаздығын,қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу.

-әрбір курс мүшелерімен жеке-жеке жұмыс жүргізу арқылы оларды тез есептеуге жаттықтыру.

-дүниежүзілік және Отандық шахмат майталмандары-Капабланка,Алехин,Ботвинник,Таль,Смыклов,Корчной,Пепаросян,Спаский,Карпов,Каспаров, Крамник,Ананд,Садвакасов біздің жерлесіміз-Середенко,Кубеновтер т.б.Олардың ойындарымен өмірін үлгі ету арқылы оқушылардың қызғушылығын,сүйіспеншілігін арттырып,жоғары дәрежелі адамгершілігі мол,дені сау спортшы жеке тұлғаны қалыптастыру.

-курс мүшелерін мектеп аралық,ауылдық,қалалық,облыстық жарыстарға қатыстыра отырып,жеңімпаздарды анықтап қана қоймай олардың тактикалық және стратегиялық ойыншеберліктерін жетіктіре түсу.

Курстың міндеттері:

- 1.Оқушыларға практикалық ойын кезінде шахмат тактикасының элементтерімен және жүріс түрлерін есептей білуге үйрету.
- 2.Оқушыларға бір дүркін шахмат ойнау барысында жүрістің жоспарлау әдісін,шахмат ойынының стратегиялық негіздерін үйрету.
- 3.Типті жағдайда шахмат тақтайы бетінде негізі стратегиялық тәсілдерді және шахмат позициясының стратегиялық элементтерін білуге үйрету.
- 4.Оқушыларға ең нашар кезінде теңбе-тең жеңіліссіз ойын үшін шахмат тайталасындағы күрес әдістерін ,шахмат ойыны аяқталған кездегі материалдық және позициялық басымдыққа қол жеткізу тәсілдерін меңгерту.
- 5.Оқушыларды шахмат ойынында кездесетін және көбінесе өзінің бастапқы жүрісті құра білу дағдысын (дебют)көрсете алатын негізгі стратегиялық және тактикалық білімге оқыту.
- 6.Шахмат ойнау мәдениеті негіздерін қалыптастыру.

Курс сабағының екі негізгі түрін қамтиды:

- 1.Теориялық сабақ
- 2.Практикалық сабақ-ойындар

Мазмұндық бөлім

- 1.Балалармен танысу. Бір жылға міндеттер қою.Қауіпсіздік техникасын сақтау қағидалары.
- 2.Шахмат ойынының қысқаша тарихы.Шахмат жарыстарын өткізудің алуан түрлі жүйелері.
- 3.Турнирдегі тәртіп ережелері.<<Түртіп калсаң-жүр>>ережесі.
- 4.Партияны жазып отыру.Мат.Тең ойын.Шахмат ойынын жазудың шартты белгілерін есте сақтауға арналған жаттығулар,аз,шектеулі фигуралармен ойнау,жай этюдтер.
- 5.Тактика мен комбинация туралы түсінік,негізгі тактикалар,тақырыптық этюдтерді шешу,талдау,негізгі тактикалар мен тәсілдер.
- 6.Стратегияны анықтау.Арнаулы таңдап алынған позицияны аяқтап ойнап шығу және талдау
- 7.Эндшпиль.Жай аяқтау.Эндшпильдегі корольдің рөлі.Квадрат ережесі.Мат.Есептер шығару.
- 8.Оқытушының бір мезгілде ойнау сеансын өткізу.
- 9.Қорытынды жасау.

Оқушыдан күтілетін нәтиже

- 1.Шахмат тарихы туралы түсінігі болады;
- 2.Ойын ережелерін біледі;
- 3.Тактикалық және стратегиялық тәсілдердің негізін біледі;
- 4.Эндшпиль мен дебютты ойнаудың тәсілдерін нық меңгерген;
- 5.Шахматты қызығып ойнайды,өз қателерін көреді және түзете алады;
- 6.Ойын этиктін біледі;
- 7.Шахмат ойынының тарихын,әлем чемпиондарының аттарын біледі;
- 2.Тактикалық тәсілдерді нық меңгерген;
- 3.Дебют пен ойынның аяғына дейін қалай жеткізіп ойналатынын біледі;
- 4.Жарыстарға,іс-шараларға қатысады;
- 5.Өз қателерін көреді және түзете алады;
- 6.Өз бетімен позицияның артықшылығы мен кемшіліктерін,жағдаятты өзгеше дамыту мүмкіндіктерін бағалай біледі.

Аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағат

	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	Қазақстанның көне шахмат тарихы	3 сағ	2,3.09
2	Шахмат ойынының тарихы	3 сағ	7,9,10.09
3	Шахмат тастары, жүру ережелері	3 сағ	14,16,17.09
4	Шахмат жазуы	3 сағ	21,23,24.09
5	Пат немесе тең ойын	3 сағ	28,30.09,1.10
6	Фигуралар қозғалысы	3 сағ	5,7,8.10
7	Ферзі королге қарсы	3 сағ	12,14,15.10
8	Екі піл королге қарсы	3 сағ	19,21,22.10
9	Генерал болуын армандайтын жауынгер	3 сағ	26,28,29.10
10	Шахмат сағаты	3 сағ	9,11,12.11
11	Тең ойынды ұсыну	3 сағ	16,18,19.11
12	Мәңгілік шахфигураларды алмастыру	3 сағ	16,18,19.11
13	Қос ат қорғаныс	3 сағ	23,25,26.11
14	Ферзі гамбиті	3 сағ	2,3,7.12
15	Ортодоксаль қорғанысы	3 сағ	9,10,14.12
16	Славиян қорғанысы	3 сағ	17,18,20.12
17	Ферзі гамбитіндегі қақпан	3 сағ	21,23,24.12
18	Қақпанға түсіп қалмау	3 сағ	28,30.12,11.01
19	Тактика әдісі	3 сағ	13,14,18.01
20	Еліктіру әдісі	3 сағ	20,21,25.01
21	Қос соққы әдісі	3 сағ	27,28.01,1.02
22	Байлап матау әдісі	3 сағ	3,4,8.02
23	Ашық шабуыл әдісі	3 сағ	10,11,15.02
24	Шалғыту әдісі	3 сағ	17,18,22.02
25	Кеңістікті босату әдісі	3 сағ	24,25.02,1.03
26	Тосқауыл қою әдісі	3 сағ	3,4,9.03
27	Қорғаушының көзін жою әдісі	3 сағ	10,11,15.03
28	Өтпелі жүріс әдісі	3 сағ	17,18,31.03
29	Жол бөгеу әдісі	3 сағ	1,5,7.04
30	Стратегия	3 сағ	8,12,14.04
31	Күшті және әлсіз нүктелер	3 сағ	15,19,21.04
32	Варианттарды есептеу тәсілі	3 сағ	22,26,28.04
33	Алдын алу немесе сақтық шаралары	3 сағ	29.04,3,5.05
34	Ойын соңының ерекшеліктері	3 сағ	10,12,13.05

Оқытушыларға арналған арналған әдебиеттер тізімі:

1. Исаак Линдер. 1000 самых красивых шахматных партий. 2000ж
2. К.Б.Байбосын, қалалық балалар мен жасөспірімдер 2003ж
3. шығармашылық үйінің <<Шахмат>> үйірмесінің жетекшісі
4. С.А.Курманаева, №17 мектеп гимназиясының математика және информатика пәнінің мұғалімі
5. М.К.Кужантаева, Ақтөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығының жалпы білім беру бөлімінің әдіскері, математика пәнінің мұғалімі 2002ж
6. Ғ.Ж.Бейсейітова, Ақтөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі, математика пәнінің мұғалімі 2006ж
7. А.Е.Иманчиев, физика-математика ғылымдарының кандидаты
8. А.И.Кубенов, Ақтөбе облыстық БЖСМ-нің директоры, шахматтан спорт шебері
9. Ж.Н.Даримбетов, Ақтөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығының спорт бөлімінің әдіскері 2005ж
10. Л.Н.Васильева, ССТ жөніндегі ОБЖСМ-ның бірінші дәрежелі оқытушы - жаттықтырушысы. 2001ж
11. В.Батуринский. <<шахматное творчество Ботвинника>> Москва, 1966ж
12. П.Керес. <<Сто партий>> Москва 1966ж

Оқушыларға арналған әдебиеттер тізімі:

1. М.Дауылбаев, Ж.Мақажанов. Шахмат ойыны. Алматы. <<Қазақстан>> 2005ж.
2. Айбосын К.Б.- Қалалық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық үйінің <<Шахмат>> кітабы 2000ж
3. Талап Сұлтанбеков. «Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ» оқулық кітабы 17-19 беттер 2009ж
4. «Қазақша ШахМат сабақтары» арна 2018ж
5. Е.Уаңбаев "Дене тәрбиесінің негіздері" 2006ж. 70-72 бет
6. Т.Ш.Қуанышов "Шахматтың теориясы мен әдістемесі" Алматы 2002ж. 99-101 бет.
7. «Шахмат », Н.Т.Ермеков, В.А.Круворучко, Алматы, Мектеп, 2009ж.